

Тұрақты емес ұшуларды орындауға арналған рұқсаттарды беру және беруден бас тартуға арналған негіздердің ережелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2003 жылғы 30 қазандағы N 502 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2005 жылғы 12 қаңтардағы N 4 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 11 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 3439. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2010 жылғы 13 тамыздағы № 359 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2010.08.13 № 359 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Жолаушыларды, багажды және жүкті тасымалдауға арналған тұрақты емес ұшулардың орындауына арналған рұқсаттарды беру және олардан бас тартуға арналған негіздерін реттеуін әрі қарай дамыту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2003 жылғы 30 қазандағы N 502 "Тұрақты емес ұшуларды орындауға арналған рұқсаттарды беру және беруден бас тартуға арналған негіздердің ережелерін бекіту туралы" (нормативті-құқықтық кесімдердің Мемлекетті топтау тізбесінде N 2558 тіркелген, 2003 жылғы N 43-48, 895-құжат, Қазақстан Республикасы орталық орындау және басқа мемлекеттік органдарының нормативті-құқықтық кесімдер Бюллетенінде жарияланған, 3.08.04 жылы N 139 өзгерістер енгізілген) бұйрығына мынадай толықтырулар е н г і з і л с і н :

аталған бұйрықпенен бекітілген Тұрақты емес ұшуларды орындауға арналған рұқсаттарды беру және беруден бас тартуға арналған негіздердің ережелерінде:

2-тармақты келесі мазмұны бар б) тармақшамен толықтырылсын:

"туристік чартерлі рейс тұрақты емес рейс болып табылады және ол авиакомпаниямен фрахталау туралы келісім негізінде туроператордың (фрахта алушының) өтінімі бойынша құрылады. Осы келісімге сәйкес фрахта беруші фрахта алушыға бір немесе бірнеше рейсте шарттық желілер бойынша жолаушыларды, жүкті және багажды тасымалдауға арналған бір немесе бірнеше әуе кеменің толық немесе жартылай сыйымдылығын төлеуі тиіс".

5-тармақты келесі мазмұны бар абзацтармен толықтырылсын:

"азаматтық әуе кемелерінің қазақстандық эксплуатанттарының туристік чартерлі рейстеріне бекітілген байланыс арналары бойынша келесі құжаттардың көшірмесі берілуі тиіс:

туроператордың (фрахта берушінің) чартерлік рейсті ұйымдастыру мақсатқа сай екендігінің туристік қызмет саласындағы басқару мемлекеттік органның кепілдемесі (қорытындыламасы);

рейстің фрахта берушісінің туроператорлық қызметпен айналысуына байланысты лицензиясы."

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

" К е л і с і л г е н "

Қазақстан Республикасы
Индустрия және сауда министрлігі
сауда және туризм қызметтерін
реттеу жөніндегі агенттігінің

төрағасы

12 қаңтар 2005 ж.